

**Қызылорда облысы Арал ауданы, Арал аудандық білім бөлімі.  
№77 орта мектебі. Қамқоршылық кеңес отырысы.**

**ХАТТАМА № 1**

**«№77 орта мектебі» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесі бойынша**

14 желтоқсан 2022 жыл

Қамқоршылық кеңес мүшелеріне 2022ж 14желтоқсан күні №100 шығыс хатымен  
қамқоршылық кеңес отырысы өтетіндігі туралы хабарланды.

Қатысуға тиісті – 13

Қатысып отырғаны-12

Қосымша шақырылғандар – мектеп әкімшілігі.

Қатысып отырған кеңес мүшелері.

1. Әуезов Сражадин – Қамқоршылық кеңестің төрағасы;

**Кеңес мүшелері:**

Ақжарқын Қожахметова, Қазтоғанов Нүркен, Ақжолов Дүйсенбек, Тұрғанбекова  
Ақжібек, Ахметова Мархаббат, Елдос Сембеков, Ескермесова Мәншүк, Гүлмира  
Срашева, Абуталиев Тұрар, Асауова Задаш

**Күн тәртібінде қаралған мәселелер:**

1. Қамқоршылық кеңестің 2022-2023 жылға арнап жасаған жылдық жоспарын талдау және бекіту. Хабарламашы кеңес төрағасы С.Әуезов
2. Атаулы әлеуметтік көмек алатын, аз қамтылған, көп балалы т. б. әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларын анықтап, мектеп асханасынан ыстық тамақпен қамту және әлеуметтік көмек беру. Хабарламашы мектеп әлеуметтік педагогі Г.Назарова
3. Мектепшілік өткізілген қайырымдылық акцияларының қорытындысы туралы. Хабарламашы кеңес төрағасы А.Даулетова

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша кеңес төрағасы С.Әуезов баяндама жасады. №77 орта мектебі жанынан құрылған Қамқоршылық кеңес жұмысының бір жылдық жоспары жасалып, кеңес мүшелеріне таныстырылды. 2022-2023 жылға арналған бір жылдық жоспарда Қамқоршылық кеңестің 4 отырысы, өткізілетін мектепшілік қайырымдылық шаралар, түрлі мерекелік шараларды өткізу тағы басқа мәселелер қамтылған. Кеңес төрағасы жыл бойы атқарылатын жұмыстар жөнінде айтып өтті. Алдағы уақытта Қамқоршылық кеңес мүшелерін ауызбіршілік танытып жұмыс істеуге шақырды.

*Бірінші мәселе бойынша шығып сөйлеушілер:*

Б.Кариев кеңес мүшесі. Қамқоршылық кеңестің бір жылға жасалған жоспарымен танысып шықты. Алдағы уақыттарда бірігіп осы жоспар бойынша жұмыс жасайық. Жылдық жоспарда көрсетілген мерзімнен бөлек кезектен тыс отырыстар болып жатырса қосымша хабарлап отырсаңыздар екен.

Күн тәртібіндегі 2 мәселе бойынша мектеп әлеуметтік педагогі, кеңес хатшысы Г.Назарова өз баяндамасын жасады. Өз баяндамасында, мектеп бойынша барлығы 60 оқушы бар, оның ішінде атаулы әлеуметтік көмек алатын оқушы жоқ, толық емес отбасыдан 3 оқушы, көп балалы отбасынан шыққан 3 оқушы, аз қамтылған отбасы балалары саны 2 оқушы, толық қамтылған бала саны 8 оқушы мектеп асханасынан ыстық тамақпен қамтылған. 8 оқушы «Жалпыға бірдей міндетті білім беру» қоры есібінен қаржылай көмекпен қамтылды. Аудандық білім бөліміне бұл туралы мәліметтер уақытылы беріліп отыр.

*Екінші мәселе бойынша шығып сөйлеушілер:*

Қамқоршылық кеңес төрағасы С.Әуезов. Осы аталған аз қамтылған, әлеуметтік жағдайы төмен, көп балалы отбасы балаларына қайырымдылық акциясынан түскен тағы басқа демеушілерден келген қаржылай және заттай көмектерді уақытылы беріп отыру керек.

Ыстық тамаққа тартылған 8 оқушыға берілетін тағам сапасына және мөлшеріне кеңес мүшелері және мектеп жанынан құрылған комиссия мүшелері уақытылы бақылау жасап отырса.


Күн тәртібіндегі 3 мәселе бойынша тәрбие ісі жөніндегі орынбасар А.Даулетова хабарлама жасады. Өз хабарламасында мектебімізде үшінші оқу тоқсаны кезінде өткізілген қайырымдылық шаралары туралы түсінік беріп өтті. Мектебімізде өткізілген мерекелік шаралар барысында және «Адалдық дүкені» іс шарасының аясында түрлі қайырымдылық акциялары өткізіліп атаулы әлеуметтік көмек алатын, аз қамтылған, әлеуметтік жағдайы төмен, көп балалы отбасы балаларына демеушілік жасалды.

. Осындай қайырымдық шаралары көптеп өткізілсе екен. Осындай қайырымдылық шараларына кәсіпкерлерді демеушілікке тартып отыруды қолға алу керек. Көптеген кәсіпкерлер шет қалып жатады. Ауылымыздағы өзге мекемелерде атсалысып көмек қолын созса нұр үстіне нұр болар еді.



Шығып сөйлеушілердің пікірі тыңдалып төмендегіше шешім қабылдады.

#### Қамқоршылық кеңес шешім етеді:

1. Қамқоршылық кеңестің 2022-2023 жылға арнап жасаған жоспары қанағаттанарлық деп табылып, бекітілсін. Алдағы уақытта осы жоспар басшылыққа алынып отырылсын.
2. Атаулы әлеуметтік көмек алатын, аз қамтылған, көп балалы т. б. әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларына мектеп асханасынан ыстық тамақпен қамту және түрлі әлеуметтік көмектер көрсетіліп отырылсын. Мектебіміздегі әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларын алдағы уақытта анықтап және оның есебін Аудандық білім бөліміне беріп отыру мектеп әлеуметтік педагогі Г.Назароваға міндеттелсін.
3. Мектепшілік қайырымдылық акцияларының нәтижелері қанағаттанарлық деп табылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:  С.Әуезов  
Хатшысы:  Г.Назарова

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

1. Әуезов Сражадин-кеңес төрағасы
2. Ақжарқын Қожахметова- ата-ана, мүшесі 
3. Қазтоғанов Нұркен- жеке кәсіпкер, мүшесі 
4. Ақжолов Дүйсенбек –ГМО меңгерушісі, мүшесі 
5. Тұрғанбекова Ақжібек –ата-ана, мүшесі 
6. Ахметова Мархаббат-жеке кәсіпкер, мүшесі 
7. Елдос Сембеков –Беларан а/о бас маман 
8. Ескермесова Мәншүк-ата-ана, жұмыссыз 
9. Гүлмира Срашева ата-ана, мүшесі 
10. Абуталиев Тұрар-ата-ана, мүшесі 
11. Асауова Задаш-ата-ана, мүшесі 

«№77 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Қамқоршылық кеңес отырысы

Хаттама №2

№77 орта мектебі

Өткізілген күні: 20.04.2023ж

Қатысуға тиісті – 13

Қатысып отырғаны-9 4 адам белгілі себептерге байланысты қатыса алмады

Қатысып отырған кеңес мүшелері.

1. С. Әуезов- кеңес төрағасы
2. Н.Қазтоғанов– мүшесі, кәсіпкер
3. З. Асауова – мүшесі, ата-ана
4. Е.Сембеков – мүшесі, «Беларан» а/о статист маманы
5. А. Тұрғанбаева – мүшесі, кәсіпкер
6. М.Ахметова – мүшесі, ата-ана
7. М. Ескермесова – мүшесі, ата-ана
8. Т.Абуталиев– мүшесі, ата-ана
9. Д.Ақжолов –мүшесі, ата-ана

Қосымша шақырылғандар – мектеп әкімшілігі.

Күн тәртібі:

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын-алу шаралары
2. Педагог мәртебесі туралы заң жобасын талқылау
3. «Дұрыс тамақтану денсаулық кепілі» оқушылардың тамақтануын қадағалау

Тыңдалды: 1-мәселе бойынша тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Даулетова кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын-алу шаралары бойынша жылдық жұмыс жоспары таныстырып, I, II жарты жылдықта атқарылған іс-шаралар есебін баяндады. Осы уақытқа дейін мектеп оқушыларының арасында құқықбұзушылық фактілерінің тіркелмегенін жеткізді. Кеңес мүшелері сөз сөйлеп, құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында оқушылардың түнгі уақытта /22.00-ден кейін/ көшеде жүрмеуін қадағалап, ата-аналар комитеті, қамқоршылық кеңесінің мүшелерімен бірлесіп рейд жұмыстарын жандандыруды ұсынды.

Тыңдалды: 2 мәселе бойынша педагог мәртебесі туралы заң жобасын кеңес төрағасы С.Әуезов таныстырып, талқылауға ұсынды. Ұсынылған заң жобасында мұғалімдер мен мектепке дейінгі мекеме қызметкерлері үшін барлық игіліктер қарастырылған.

Тыңдалды: 3 мәселе бойынша әлеуметтік педагог Г.Назарова сөз алды. Қазіргі таңда мектеп асханасынан 34 оқушы ыстық тамақ ішеді. Оның ішінде 4 оқушы жалпыға бірдей міндетті оқу қоры есебінен ыстық тамақпен қамтылып отыр. Тамақ сапасы өте жақсы. Ай сайын бракераждық комиссия тамақ сапасына тексеру

жүргізеді. Сонымен қатар мектеп медбикесі күнделікті тамақтың дәмін көріп отырады. Тамақ уақытылы келіп тұрады. Асхананың санитарлық жай күйі өте жақсы. Аспазшылар 6 ай сайын медициналық тексеруден өткен. Асхана жарық, таза. Ыдыс аяқ жеткілікті, сапасы өте жақсы. Сынған, ұшқан ыдыс жоқ.  
Қаулы:

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын-алу шаралары жүйелі жүргізілсін.
2. Педагог мәртебесі туралы заң жобасы үнемі талқыланып отырылсын.
3. Оқушылардың дұрыс тамактануы үнемі басты назарда болсын.

1. Төраға: *С. ӘН* С.Әуезов  
Хатшы: *Г. Назарова* Г.Назарова

Кеңес мүшелері:

Н.Қазтоғанов – мүшесі, кәсіпкер *Қазтоған*  
З. Асауова – мүшесі, ата-ана *Жауһ*  
Е.Сембеков – мүшесі, «Беларан» а/о статист маманы *Сем*  
А. Тұрғанбаева – мүшесі, кәсіпкер *Тұрғанбаева*  
М.Ахметова – мүшесі, ата-ана *Ахметова*  
М. Ескермесова – мүшесі, ата-ана *Ескермесова*  
Т.Абуталиев – мүшесі, ата-ана *Абуталиев*  
Д.Ақжолов – мүшесі, ата-ана *Ақжолов*

«№77 орта мектебі КММ-сі  
Қамқоршылық кеңес жиналысының хаттамасы  
ХАТТАМА №3

№77 орта мектебі

«29» тамыз 2022 ж.

Қатысқандары: 9 адам  
Қатыспағаны: 4 адам (дәлелді себептермен)  
Қамқоршылық кеңес төрағасы: С.Әуезов  
Мүшелері: Т.Әбуталиев

Н.Казтоғанов  
А.Тұрғанбекова  
М.Ескермесова  
Д.Ақжолов  
М.Ахметова  
А.Қожахметова  
Г.Срашева

Қосымша шақырылғандар: мектеп әкімшілігі

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

Қамқоршылық кеңес мүшелерінің жұмысын ұйымдастыру/Ж.Казтоғанова – мектеп директоры м/а

1. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің 2022-2023 жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту;
2. Ата-аналар мен оқушылар үшін «Мектеп жарғысы мен ішкі тәртіп ережесін» таныстыру;
3. 2022-2023 оқу жылында «Мектепке жол акциясына» қатысып, аз қамтылған отбасы балаларына көмек жұмыстарын ұйымдастыру.
4. Жаңа оқу жылында мектебіміздегі аз қамтылған отбасы балаларына ақшалай қаражат беруілуін ұйымдастыру.

**ТЫНДАЛДЫ:**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директорының міндетін атқарушы Жанат Молдағалиқызы қамқоршылық кеңестің жалпы ережелері, сайлау тәртібі мен құрамы, негізгі атқаратын қызметі, өкілеттігі, қамқоршылық кеңестің жұмысының ұйымдастырылуы жайлы айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңестің төрағасы: Сражадин Әуезов кеңестің мүшелерінің бекіткен құрамымен, жылдық жоспарымен таныстырып өтті.

Үшінші мәселе бойынша «Мектеп жарғысы мен ішкі тәртіп ережесі» таныстырылды.

Төртінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңестің төрағасы: С. Әуезов кеңестің мүшелеріне, мектеп әкімшілігіне, сынып жетекшілерге аз қамтылған отбасы балалар санын анықтап, (оқу – құралдары, киім-кешекпен т.б) көмек беру керек екені айтылды.

Бесінші мәселе: мектептегі аз қамтылған 4 оқушыға 37389 теңге ақшалай қаражат бөлінгені жайында таныстырылды.

Сөз сөйлегендер: Қамқоршылық кеңес мүшесі, ата-аналар комитетінің төрағасы Абуталиев Тұрар-мектептегі құрылған қамқоршылық кеңесті бірауыздан құптап, барлық азаматтарға жауапкершілікпен қарауға үндеу тастады.

- жеке кәсіпкер Тұрғанбаева Ақжібек және Қазтоғанов Нүркен – қамқоршылық кеңестің құрамы аз қамтылған отбасы балаларына көмектесуге дайын екендерін айтылды.

**Қамқоршылық кеңес төрағасының, кеңес мүшелерінің пікірін тындай келе, қамқоршылық кеңес**

**Шешім етті**

- 1.2. Қамқоршылық кеңестің жұмысы ұйымдастырылып, кеңес мүшелері міндеттері бойынша жұмыс атқарсын.
- 2.2. Қамқоршылық кеңестің жылдық жұмыс жоспары бекітіліп, жоспар төраға басшылығымен орындалсын.
- 2.3. Ата-аналар мен оқушыларға «Мектеп жарғысы мен ішкі тәртіп ережесі» таныстырылсын.
- 2.4. Қамқоршылық кеңестің бүгінгі отырысындағы мәселе 2022-2023 оқу жылында «Мектепке жол акциясына» қатысып, мектебіміздегі аз қамтылған отбасы балаларына көмек ұйымдастырылсын.
- 2.5. Жаңа оқужылына аз қамтылған 4 оқушыға 37389 мың ақшалай қаржы көмек беру ұйымдастырылсын.

Төраға : *С. Жүз*      Ә. Әуезов  
Хатшы : *Н. Ә. Б.*      Г. Назарова

Кеңес мүшелері: *Т.Ә. Б.*      Т.Әбуталиев  
*Н. К.*      Н. Казтоғанов  
*А. Т.*      А. Тұрғанбекова  
*М. Е.*      М. Ескермесова  
*Д. А.*      Д. Ақжолов  
*М. А.*      М. Ахметова  
*А. Қ.*      А. Қожахметова  
*Г. С.*      Г. Срашева

№7 ХАТТАМАСЫ

23.05.2023

Қатысуға тиісті 13 қамқоршылық кеңес мүшелері.

Оның ішінде, 2 кеңес мүшесі (А.Сауяев, А. дәлелді себептермен қатыспаған. Қатысып отырғаны 11.

Отырыстың өткізілуіне (кворум) негіз бар.

Қатысып отырғандар: Кеңес мүшелері:

1. Әуезов Сражадин-кеңес төрағасы
2. Ақжарқын Қожахметова- ата-ана, мүшесі
3. Қазтоғанов Нүркен- жеке кәсіпкер, мүшесі
4. Ақжолов Дүйсенбек –ГМО меңгерушісі, мүшесі
5. Тұрғанбекова Ақжібек –ата-ана, мүшесі
6. Ахметова Мархаббат-жеке кәсіпкер, мүшесі
7. Елдос Сембеков –Беларан а/о бас маман
8. Ескермесова Мәншүк-ата-ана, жұмыссыз
9. Гүлмира Срашева ата-ана, мүшесі
10. Абуталиев Тұрар-ата-ана, мүшесі
11. Асауова Задаш-ата-ана, мүшесі

Қосымша шақырылғандар:

Ж. Казтоғанова - мектеп директорының м/а.

А. Даулетова - мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

КҮН ТӘРТІБІ

- Мектеп оқушыларына смартфон ұстауға тыйым салу
- Мектеп формасының сақталуы
- Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру

Қамқоршылық кеңесінде көтерілген мәселенің біріншісі мектеп оқушыларына смартфон ұстауға тыйым салу болды. Бұл туралы баяндама жасаған қамқоршылық кеңес төрағасы Әуезов Сражадин смартфонның зардаптары туралы айтып өтті.

- Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді», деп атап айтты. Сол жас ұрпақты білім нәрімен сусындатар, шәкірт жүрегіне гүл егер, бала жанының бағбаны болар ұстаздар болса, онда оларға деген құрмет те ерекше болу қажет.

Бәріміз ұстаздарды балағаттау, тіпті қол жұмсау, балалардың тәрбиесіздігіне кінәлау, тағы сол сияқтыларды бұқаралық ақпарат құралдарынан, әлеуметтік желілерден көріп жүрміз. Бүгін ата-аналардың тарапынан, балалардың көзінше мұғалімдерге әртүрлі балағаттарды, дөрекі сөздерді қолдануы арқылы жас жеткіншектердің өз ұстаздарына жек-көрініш туғызып, оларға деген құрметтің төмендеуіне әкеліп соғуда. Мұғалім бейнесі –қауқарсыз, құқығы тапталған адамға айналды.

Ұстаздарға деген сенімсіздік ата-аналар тарапынан күннен-күнге үдемесе, бәсеңдеген жоқ, өйткені, мектепте диктафон, фотоаппарат, мобильді телефон қолдану арқылы оқушылар мұғалімдерінің беделін түсіруі орын алуда.

Осындай жағдайларды ескере отырып, мұғалім мәртебесін қорғау үшін, жоғары билік өкілдеріне ұстаздарға қолдау көрсету үшін төмендегідей ұсыныстар жасалуда:

1. Қазіргі таңда Ресейлік ұстаздар кеңесі биліктен ұстаздардың қорғалуына кепілдік берілуін заң арқылы реттелуін талқылап, ұсыныстар дайындағаны дайындағаны мәлім. Ол өзгерістер, педагогикалық қызметкерлерге жасалған зорлық-зомбылық, сонымен қатар оның ар-ожданына тию, билік өкілдеріне жасалған зорлық-зомбылықпен пара-пар болып есептеледі. Бұл тәжірибе де біздің ұстаздар қауымын қорғауға пайдаланылса.
2. Мемлекеттік органдарда видеокамерасы бар және интернетке қосылған телефондарды пайдалануға тыйым салынғаны белгілі. Мектептердің де мемлекеттік мекеме екендігін ескере отырып, оқушыларға, ата-аналарға, мұғалімдерге оқу процесі кезінде мектепте интернет-модульдері мен фото-видеокамералары бар құрылғыларды пайдалануына шектеу қойылса, - деді.

Қамқоршылық кеңесінде көтерілген мәселенің екіншісі мектеп формасының сақталуы болды. Бұл туралы сөз алған мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Даулетова ата-аналар есіне Қазақстанда мектеп формасына қойылатын талаптарды салып өту керек екенін айтып өтті.

«Мектеп формасының үлгісі, түсі классикалық стильде, бірыңғай түс болуы керек. Үшеуден асырмай түстерді араластыруға рұқсат етіледі. Мектеп формасының түсі қалыпты және ашық емес түстерден таңдалады. Біздің мектеп формамыз осы талаптарға сай. Мектеп формасының түсі, фасоны және юбканың ұзындығы жалпымектептік ата-аналар жиналысының хаттамасымен бекітілген. Және жалпымектептік ата-аналар жиналысында ата-аналарға таныстырылып, көпшіліктің қолдауына ие болған. Сондықтан мектеп формасының сақталуына әрдайым үлкен мән берілетін болады. Мектепте мектеп формасын сақтамай, сабакка орамал тағып келетін оқушылар жоқ.

Үшінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Г. Назарова сөз алып, биылғы оқу жылында да мектебімізде «Жас ұлан» тынығу лагері жұмыс жасайды. Оқушылардың құжаттарын жинап, қанша бала демалатынын қарастырып жатырмыз. «Қамбаш» сауықтыру лагеріне екі балаға ұсыныс береміз деп отырмыз. Сонымен қатар ата-ана қаржысынан сырт облыстарда ұйымдастырылған лагерлерге баратын балалар болса құжаттарын дайындай беруіміз керек. Біздің мақсатымыз балалардың жазғы демалысын қолдан келгенше қызықты әрі тиімді өткізуді қарастыру.

Қабылданған қаулы:

1. Жоғарыдағылар негізінде ата-аналарға мектепте оқушылардың, тәрбиеленушілердің телефонмен (смартфон) келуіне қатаң түрде тыйым салынсын.
2. Мектеп жарғысына және мектептің ішкі тәртіп ережесіне енгізілген өзгертулерге сәйкес мектеп формасы сақталуы қадағалансын.
3. Оқушылардың жазғы демалысы тиімді ұйымдастырылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Мүшелері:

|                        |                 |
|------------------------|-----------------|
| <i>С. Әзіл</i>         | Әуезов С.       |
| <i>Асауова З.</i>      | Асауова З.      |
| <i>Қазтоғанов Н.</i>   | Қазтоғанов Н.   |
| <i>Ескермесова М.</i>  | Ескермесова М.  |
| <i>Абуталиев Т.</i>    | Абуталиев Т.    |
| <i>Қожахметова А.</i>  | Қожахметова А.  |
| <i>Ахметова М.</i>     | Ахметова М.     |
| <i>Ақжолов Д.</i>      | Ақжолов Д.      |
| <i>Срашева Г.</i>      | Срашева Г.      |
| <i>Сембеков Е.</i>     | Сембеков Е.     |
| <i>Тұрғанбекова А.</i> | Тұрғанбекова А. |

Хатшы: *Г. Назарова* - Назарова Г.